

*Шығыс Қазақстан облысы
Бесқарағай ауданы
“Башкөл орта мектебі” КММ*

*Ашық сабақ:
Сөйлемнің түрлерін
ажырату*

*Бастауыш сынып
мұғалімі: Токсанаева Ж.А.*

Башкуль ауылы

Тақырыбы: Сөйлемнің түрлерін ажырату

Мақсаты: Сөйлем түрлерін ажырату. Ауыл өмірін болашақта көрсету. Ауылдан шығатын өнім түрлері туралы білімдерін дамыту. Сөздік қорын дамыту. Елін, жерін құрметтеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер, тест жазылған карточкалар.

Барысы: (Оқушыларға топқа бөлу үшін тыныс белгілері бар қағаздар таратып беру. Сол жазу бойынша топқа бөлінеді.)

1 топ. Сұраулы сөйлем

2 топ. Хабарлы сөйлем

3 топ. Лепті сөйлем

-Енді бізге бүгін көп қонақтар келіпті.

Бәріміз сол кісілерге бұрылып қарап алайық.

- Біз ауылды жерде тұрып жатырмыз.

Болашақта біздің ауылда үлкен өндіріс орны алынатынына сенеміз. Себебі: Елбасымыз

Н.Назарбаевтың сөзі бар: Гүлденсе ауыл-гүлденеміз бәріміз.

-Ендеше ,атайықшы, ауылда не өндіріледі?

Оқушылар: Сүт, май, ет, ірімшік, жұмыртқа, қаймақ, қымыз. т.б

1. Ең бірінші өткен тақырыпты қайталауға тест тапсырмасын орындаймыз. (Сүт өндіру)

2. Үй жұмысын тексеру: Әр топтан бір бір оқушы оқиды. Қалғандары бірін- бірі тексереді. (май өндіру)

3. "Ыстық орындық" стратегиясы (бір оқушы шығып, орындыққа отырады. Оған оқушылар сұрақ қояды) (Қаймақ өндіру)

Сұрақтар:

1. Сөйлем деген не?

2. Сөйлемнің түрлерін ата?

3. Лепті сөйлемнің соңынан қандай сұрақтар қойылады?

4. Мәтіннің түрлерін ата?

5. Мәтін енесе бөліктен тұрады?

6. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата?

7. Сөйлемнің соңынан қандай тыныс белгілері қойылады?

4. - *Оқулықпен жұмыс (ірімшік)*

200- жаттығу

1 топ: Өленді оқиды

2 топ: Сұраулы сөйлемді табады

3 топ: Лепті сөйлемді табады

Барлығы: сұраулы, лепті сөйлемді хабарлы сөйлемге айналдырып дәптерге жазады.

Сергіту сәті. Ноутбуктен көріп отырып жасайды.

202- жаттығу (жұмыртқа өндіру)

(Әр топтың алдына карточкалар тастаймын. Сол қағаздағы сөздерден сөйлем құрастырып жазады.)

- Өрмекшінің торы стратегиясы : (Қымыз өндіру)

(Оқушылар лепті, сұраулы, хабарлы сөйлем айтып, тор құру керек)

8. 204- жаттығу (қаймақ) өндіру ауызша

Хабарлы сөйлемдер: Мал жайылады. Жүйрік озады.

Сұраулы сөйлем: Мысық қалай дыбыстайды? Қасқырдың төлі не?

Лепті сөйлем: Міне, жігіт! Өркенің өссін, қарағым!

1 топ: Хабарлы сөйлемді

2 топ: Сұраулы сөйлемді

3 топ: Лепті сөйлемді оқиды.

Т-кестесі (Шұжық өндіру)

Білемін

Білгім келеді

(Оқушылар бүгінгі сабақта не білгендерін, не білмегендерін стикерге жазып, кестеге жапсырады.)

Смайликтермен өздерін бағалайды.

Сабақтың соңында оқушылар барлық өнімдерін келген қонақтарға сатады.

10. Үйге тапсырма: Ережелерді қайталау. 203- жаттығу

Апталықтың фотосуреттері









